

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕР ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЗАҢЫ

Құбайдоллақызы Ақтоты Toty970814@bk.ru Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті «Дінтану» білім бағдарламасының 1 курс студенті. Атырау қ. Қазақстан Республикасы. Ғылыми жетекші: филос.ғ д, профессор Бекежан Ө.Қ.

Қазақстан Республикасындағы конфессияаралық келісім қағидасы еліміздегі ұлтаралық келісім саясатымен ұштасып жатқан елдің қазірі мен болашағы үшін аса маңызды мәселе болып табылады. Елімізде 2024 жылдың 4 тоқсаны бойынша ел аумағында 18 конфессияны қамтитын 3999 діни бірлестік тіркелген (2858 - исламдық, 347 - православтық, 91 - католиктік, 592 – протестант, 57 - Ехоба куәгерлері, 23 - Жаңа апостолдық шіркеу, 13 - Кришна 31 санасы қоғамы, 7 – иудаизм, 6 - бахаи, 2 - буддизм, 2 - соңғы күнгі әулиелер Иса Мәсіхтің шіркеуі (мормондар), 1 – муниттер). Жалпы ғибадат үйлер саны – 3788 (2857 - мешіт, 302 - православ шіркеуі, 116 - католик шіркеуі, 421 - протестанттық ғибадат үйі, 55 - Ехоба куәгерлерінің ғибадат үйі, 25 - Жаңа Апостол шіркеуінің үйі, 6 - синагога, 3 - Кришна санасы қоғамы, 2 - Бахаи ғибадат үйі, 1 - буддисттік ғибадатхана) [1]. Осының өзі біздің еліміздің әлемдегі көпконфессиялы елдердің қатарына жататынын көрсетеді. Бірақ бұл діни бірлестіктер мен ұйымдарды біріктіретін ортақ мүдде мен құндылықтар да бар. Олардың негізін көп ұлтты Қазақстан Республикасының саяси тұтастығы мен ұлтаралық келісім, қазақстандық патриотизм идеялары құрайды. Еліміздің осы ұстанымына қайшы келетін идеялардың, қағидалардың бәріне ұлтаралық және дінаралық келісім арқылы қарсы тұруға болады. Себебі, тұрақтылық пен келісім, бейбітшілік бар жерде ғана діндер немес діни бірлестіктер еркін дами алады. Соңғы жылдары еліміздің діни бірлестіктері ортақ қауіп- діни экстремизме қарсы ынтымақтасу үстінде. Сонымен қатар әртүрлі діннің өкілдерін еліміздің азаматтығы, қолайлы әлеуметтік-экономикалық жағдай, туып-өскен жер сезімі, қазақ халқының дархан көңілі сияқты адами факторлар да біріктіреді. Конфессияаралық қатынастың қазақстандық моделінің жалпы адамзаттық, құқықтық негіздері де бар. Олар: азаматтардың саяси, жеке бас құқығының сақталуына мемлекеттің кепіл беруі, жалпы адамзаттық құндылықтардың мойындалуы мен сақталуы, ұлтыны, дініне қарамастан азаматтардың тең құқықтығы, Қазақстан халқының ассамблеясы сияқты ұйымның құрылуы мен жұмыс жасауы да дінаралық келісімнің сақталуына игі ықпалын тигізіп келеді. Тарихи тұрғыдан алғанда қазақстанның ежелден көп дінді, көп ұлтты ел ретінде мол тәжірибиесі бар екенін айта кеткенен жөн. Қазақ жерінде ежелгі діндердің ізі қалғанын археологиялық жәдігерлерден байқасақ, Талас бойында тасқа салынған Будданың суреті, ежелгі ғибадатхананың орны ең ежелгі әлемдік дінді ұстанған адамдар мәдениетінен хабар береді. Елімізде негізінен тарих толқынында қалыптасқан әлемдік діндерге кіретін басты екі діни бағыт бар екені белгілі. Оның біреуі- ханафи бағытындағы ислам діні болса, екіншісі православ діні болып табылады. Өткен кезімізге тарихи шолу көрсетіп тұрғандай, осынау екі діни бағыттың негізгі қағидалары адамзатты сүю мен оған құрмет көрсету жолындағы имандылық дәстүрлер мен салт дәстүрді толықтыра отырып, сонау ата-бабаларымыз бізге мұра қылып қалдырған имандылық іргетасын сақтап қалуға қызмет етті. Бұл жағынан мемлекет ұлтты мәдени құндылықтық тәрбиелеу, ұлттық дәстүрлерді дамыту, адамгершілік құқықтық мәдениетті арттыру салаларындағы дәстүрлі діни ұйымдарға сүйенеді. Конфессияаралық келісім бірнеше факторлар арқылы іске асатын, өте нәзік құбылыс. Дінаралық өзара бейбіт және толеранттық қатынас ұлтаралық араласу және мәдени коммуникация ықпалы арқылы іске асады. Бұл үздіксіз жалғасып жатқан дінаралық-ұлтаралық мәдениетаралық диалог түрінде

көрінеді. Дінаралық келісімнің құқықтық негізі Қазақстан Республикасының конституциясынан бастау алады. Бұл еліміздің конституциясының 22 бабында айқындалып берілгені белгілі. Егер халықаралық қағидаларға келер болсақ БҰҰ 1948 жылы қабылдаған Адам құқығының Жалпы Декларациясының 18 бабында әрбір адамның ой еркіндігіне, дін ұстауына құқылы екендігі көрсетілген. Сондықтан әрбір адам өзі қалаған дінді ұстауға құқылы, егер оның ұстаған бағыты конституциялық құрылым мен адамдардың өміріне қауіп төндірмесе діни көзқарасы үшін ешкім қудаланбайды. Сонымен қатар бір дінді басқа діннен жоғары қойып, оған ерекше немесе абсолюттік жағдай жасауға да болмайды, бірақ елімізде негізгі саналатын екі конфессия бар, олар: ислам және христиан діні, оның өзі еліміздің тарихи қалыптасқан мәдени-әлеуметтік, діни 32 құрылымдық ерекшелігіне сәйкес келеді. Сонымен қатар елімізде діни негіздегі саяси партия құруға тиым салынуы да дінаралық келісімді сақтаудың алғышарты болып табылады. 2011 жылы 11 қазанда қабылданған Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы да еліміздегі діни бірлестіктердің тең құқылы және заңның аясында өздерінің діни қызметін еркін атқаруына мүмкіндік береді. Бұл заң діни ұйымдардың мемлекет алдындағы құқықтық жауапкершілігін сақтай отырып өздерінің жалпы адами және азаматтық құқықтарын жүзеге асыруына мүмкіндік жасайды. Тәуелсіз және зайырлы мемлекет ретінде Қазақстан республикасы өзінің «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы Заңын» сонау 1992 жылы қабылдады. Бұл сол тарихи кезеңде бұрынғы кеңес үкіметінің дін саласындағы атеистік идеологиясымен салыстырғанда прогрессивтік заңнама болды. Бірақ өзінің мазмұны жағынан тым демократиялық, діни істер саласындағы тым еркіндікке негізделген бұл Заңның осал тұстары бой көрете бастады. Елімізге әртүрлі бағыттағы діни экстремистік, лаңкестік діни ой бағыттары, дәстүрлі емес діни ағымдар көптеп келе бастады. Оның өзі еліміздің дәстүрлі құндылықтарына, діни ұстанымдарына қауіп төндіретін қауіпке айнала бастады. Сол себептен Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы еліміздегі діни қатынастарды қалыптасқан жаңа жағдайларға сәйкес реттейтін мемлекеттік тетік болуға тиісті болды. Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заң (2025.22.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) мынандай баппен басталады. 1-1-бап. Осы Заңның негізгі мақсаты мен міндеттері 1. Ар-ождан бостандығына құқықты қамтамасыз ету, сондай-ақ діни қызмет және діни бірлестіктер саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеу осы Заңның негізгі мақсаты болып табылады. 2. Осы Заңның негізгі міндеттері мыналар болып табылады: 1) Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың дінге көзқарасына қарамастан, өздерінің ар-ождан бостандығы құқықтарын іске асыруы үшін діни нанымдарды мәжбүрлеп тануға жол бермей, тең жағдайлар жасау; 2) конфессиялар арасындағы бейбітшілік пен келісімді нығайту, қоғамда діни толеранттылықты қамтамасыз ету; 3) ар-ождан бостандығына құқықты қамтамасыз ету кезінде зайырлы мемлекеттік құрылысты сақтау; 4) Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, діни бірлестіктердің Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету 5. Заңды діни қызметке кедергі келтіруге, жеке тұлғалардың дінге көзқарасы себептері бойынша азаматтық құқықтарының бұзылуына немесе олардың діни сезімдерін қорлауға, қандай да бір дінді ұстанушылар қастерлейтін заттарды, құрылыстар мен орындарды бүлдіруге жол берілмейді. 6. Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар. Әркім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес діни немесе өзге де нанымдарды ұстануға, оларды таратуға, діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға және миссионерлік қызметпен айналысуға құқылы. Ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе

оларды шектемеуге тиіс. 7. Ешкімнің де өз діни нанымдары себептері бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға құқығы жоқ. 33 Діни қызметшілер, миссионерлер, діни бірлестіктердің басшылары немесе қатысушылары (мүшелері) болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтары саяси өмірге Қазақстан Республикасының барлық азаматтарымен бірдей тек өз атынан ғана қатыса алады. 8. Дін мен діни бірлестіктердің мемлекеттен бөліну қағидатына сәйкес мемлекет [2]. Бұл Заң дін саласындағы мемлекеттік саясаттың үш негізгі қағидасына сүйенеді, олар: бейтараптық, толеранттылық, паритет, яғни, мемлекет діни бірлестіктердің ішкі қызметіне қол сұқпайды, толеранттылық қағидасы басқалардың діни еніміне деген құрметпен қарауға негізделеді, ал паритет дегеніміз барлық діни бірлестіктердің, дін иелерінің заң алдындағы тең құқығынан туындайды. Бұл жаңа заңда елімізде емін-еркін қызмет етіп жатқан көптеген діни бірлестіктер мен миссионерлер қызметін бекітілген заң аясында мемлекеттік тиісті органдар тарапынан үнемі қадағалап отырудың мүмкіндігін берді. Заң шет елдердің діни саладағы іс-қимылын, еліміздің дәстүрлі мәдениетін, халықаралық құқықтық нормаларды ескеру бойынша жасақталды. Бұл заңның преамбуласында еліміздің «ханафи бағытындағы исламның және православиелік христиандықтың халық мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін танитыны, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтіні» айқындалған. Бұл заңда діни қызметтер мен діни бірлестіктердің әрекетін нақтылайтын алты тарау мен 25 бап беріліп, дін саласындағы негізгі қолданыстағы терминдердің мазмұны ашылған. Соның ішінде соған дейін елімізде еркін жұмыс істеген діни бірлестіктердің құрамы анықталып берілді, мысалы, жергілікті жерде осындай бірлестік құрушылардың саны 50-ден кем емес болса, аймақта 500 кем емес, республикалық деңгейдегі бірлестіктерде 5000-нан кем емес азаматтар болуы керек. Бұл да біраз демократиялық талап деуге болады. Мысалы, осындай ұйым ашу үшін Австрияда 16 мың, Чехияда – 10 мыңнан кем емес «қол жинау» керек екен. Сонымен бірге діни бірлестіктердің қызметін шектеудің де кейбір негіздері көрсетілген (3 тарау). Олар: адамның өміріне, денсаулығына, құндылықтарға, мысалы, жанұялық қатынасқа және де еліміздің территориялық тұтастығына қауіп төндіруі. Сонда-ақ мынандай жағдайлар айтылып өткен: о діни бірлестіктердің мемлекеттік органдар жұмысына араласуы; о діни бірлестіктердің саяси қызметпен айналысуы; о бір діннің басқалардан жоғары болуға ұмтылуы; о діни араздық тудыру; о азаматтардың материалдық және басқа да тәуелділігін тудыру; о азаматтарды алдау, олардың мүлкіне қауіп төндіру. Мемлекеттік ұйымдарда, мекемелерде, білім мен денсаулық сақтау орындарында діни бірлестіктер ашуға тиым салынған. Кезінде көп пікір талас тудырған бұл баптың да дұрыстығын заман көрсетіп отыр. Діни әдебиетті таратуға, әкелуге байланысты да заңды шектеулер дәлелді берілген. Осы діни әдебиетті сараптаудан өткізу, қатаң бақылауға алу қазір өзінің нәтижесін беруде, енді телекоммуникациялық ақпараттар тұрғысынан да осындай жұмысты белсенді жүргізу, әіресе интернет кеңістігін қатаң бақылау күн тәртібінде тұрған мәселе. Осы заңның 3-бабында мемлекет және дін қатынасы нақтыланып көрсетіліп берілген: 1. Мемлекет дін мен діни бірлестіктерден бөлінген. 2. Діни бірлестіктер және Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар дінге көзқарасына қарамастан заң алдында тең. 3. Ешбір дін мемлекеттік немесе міндетті дін ретінде белгіленбейді. 4. Діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болады. 34 5. Заңды діни қызметке кедергі келтіруге, жеке тұлғалардың дінге көзқарасы себептері бойынша азаматтық құқықтарының бұзылуына немесе олардың діни сезімдерін қорлауға, қандай да бір дінді ұстанушылар қастерлейтін заттарды, құрылыстар мен орындарды бүлдіруге жол

берілмейді [2]. Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған діни сараптама жасауды реттейтін Қаулысы (7 ақпан 2012жыл №209) бойынша бұл бағыттағы жұмыстар мына бағыттарды қамтиды: - сараптама объектісінің нақты діни сенімге жататынын айқындау, діни бірлестік тапсырған құрылтай құжаттары және сенім ұстанымдары мен діни салт-жоралғы туралы мағлұмат негізінде объектінің мазмұнын бағалау; - мемлекеттік тіркеу кезінде көрсетілген діни бірлестіктің қызмет түрлері мен әдістерінің сәйкестігін тексеру; - сараптама жұмысы объектісінің Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңнамаларына сәйкестігін анықтау. Осы жерде айта кету керек, сараптамалық, зерттеу жұмыстарының нәтижесінде діни бірлестіктердің түрлері, бағыттары жүйеленіп, олардың барынша нақтыланған жіктелісі жасалды. Өз кезегінде соның арқасында бұрын жеке шіркеу саналып келген діни ұйымдар бір бағыттың аясында біріктірілді. Сонымен қатар кейбір ұйымдар қайта тіркеуден өткен жоқ. Мысалы, соның ішінде кезінде елімізде үлкен дау туғызған «Саентология» ұйымы да бар. Сарапшылардың зерттеу жүргізуі барысында бұл ұйымның көп елдерде діни конфессия ретінде танылмағаны анықталды, ондай-ақ Ахмедие қауымы да осындай зерттеулер барысында тіркеуден өткен жоқ. Бұл шектеулердің ешбіреуі де халықаралық құқықтық нормаларға қайшы келмейді, керісінше қоғам мен азаматтарды қорғауға негізделеді. Айта кету керек, соңғы кездегі әлемнің әр жеріндегі лаңкестік әрекеттерді ескерсек Қазақстан республикасының «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы Заңы» заман тудырып отырған қауіптердің алдын алу жағын да ескерген құқықтық құжат дей аламыз. Қазіргі кезде дін мен қоғам қатынасы, дін мен ұлттық салт – дәстүр арасын сәйкестендіру, қазақ халқы ұстанған дәстүрлі исламның мәселесі әлі де ұзақ әрі байсалды, сауатты жұмысты қажет ететін процесс болып табылады. Бұл бағытта еліміздегі діни көзқарастар жүйесін құқықтық кеңістікте реттеу аса маңызды тетік болып табылады. Әлі де кейбір сұрақтарды қатаң мемлекеттік тұрғыдан заңды реттеудің болмауы адамдардың немесе мемлекеттік ұйымдардың, мысалы, білім саласында қайшылықтар туғызып отыр. Бірақ еліміздің дін саласында демократиялық, зайырлы мемлекетке тән саясат ұстануы бұл мәселені қазіргі бар заңнамалардың негізінде шешуді қажет етеді. Осы заңдардың аясында қоғамға, әсіресе жастарға түсіндіру, діни сауаттандыру, ақпараттық-насихат жұмыстарын жүргізу қазіргі күн тәртібіндегі мәселенің бірі болып табылады. Дінаралық келісім мен толеранттылықты сақтаудың маңызды жолы білім мен ақпарат тарату екені белгілі, қазіргі жаһандану жағдайында ақпарат алу қиын емес, мәселе ол ақпараттың жүйелі түрде берілуі болып табылады. Сондықтан жалпы әлемдегі діндер тарихымен таныстыру, діннің әлемдік өркениет астарындағы дамуы мен қазіргі заманғы жағдайымен талдай отырып жеткізу арқылы діндердің қатынасына толеранттық көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік бар. Біз ислам дінін тек діни ұғым-түсінік, салт-жоралар жиынтығы қана емес, оны жалпы әлемдік үлкен өркениет, христиан, будда діндерімен қатар адамзатқа кең тараған әлемдік дін ретінде қабылдасақ ислам дінін ұғынудың аясы кеңиді, оның маңызы арта түседі, тереңдігі айқындалады. 35 Ал егер дінді салт-сана, киім, дәстүр және басқа да атрибутика деңгейінде түсініп, оны жеке ағымдар тұрғысында қабылдаумен шектелсек, біз ислам дінінің өркениеттік ұлы рөлі мен маңызын таяз түсінген болып шығамыз. Қазақстанда әрбір төрт жыл сайын өтетін Әлемдік және дәстүрлі дінбасылар съезіне қатысушылар жаһандану жағдайында әлемдегі бейбітшілік пен келісімді сақтаудың маңызын ең басты проблема деп санайды. Әлемде саяси, ұлт аралық және дін аралық қақтығыстардың күшеюі әлемдік діндерге үлкен міндет жүктейді, себебі, діни жүйелердің мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан рухани, гуманистік, имандылық тәжірибиесі қазіргі мәдениет пен саясат үшін аса қажет болып табылады. Ол үшін әуелі әлемдегі конфессиялардың өзара ынтымағы мен келісімі қажет екені сөзсіз, міне Қазақстан

Республикасының осы бағыттағы мемлекеттік саясаты, еліміздегі дінге қатысты заңдар мен қаулылар еліміздегі және әлемдегі гуманизм ұстанымдарына толықтай жауап береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі: 1.Электрондық ресурс: <https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/activities/> 2. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы. Астана, 2024 ж. 3. Қазақстандағы діни сенім бостандығы.// Халықаралық конференция материалдары. 19.03.2013ж. Астана.